

Батыс Еуропалық орта ғасыр философиясы.



Орындаған: ҚОЖАЕВА Ұ
Тобы: НБ16Б
Қабылдаған: РАЕВА Ж

Жоспар:



I Кіріспе

- а) Орта ғасырдағы Батыс Еуропа
- ә) Орта ғасырдағы Батыс Еуропалық философияның басты мәселесі

II Негізгі бөлім

- а) Апологетика ілімі
- ә) Патристикалық ілімі
- б) Схолистикалық кезең

III Қорытынды

- Орта ғасырдағы теологиялық философия- Европада V-XV ғасырларда таралған философиялық бағыт, онда жоғарғы жаратушы ретінде құдайды, ал қоршаған орта оның туындысы ретінде саналды.





. Осы кезеңде қоғамның рухани өмірінде үстемдік етуші дін болды. Ортағасырлық батыс еуропалық философияның басты мәселелерінің негізі құдай болмысының дәлелі, сенім мен ақылдың ара-қатынасы адам жанының мәңгілігі болды. Антикалық философияға қарағанда орта ғасырдағы ойлау стилі теологиялық болды, яғни әлемді жаратушы ғарыш емес, құдай болды. Ортағасыр философтарының идеялары теологиялық ойға негізделді. Білімділіктің, зиялылықтың орталығы христиан дінінің шіркеуі болды. Шіркеу-мемлекет ішіндегі мемлекет, яғни көптеген мемлекеттік функцияларды атқарды. Философия теологияға қызмет етті. Онтологиялық мәселе-жаратылу идеясы, креационизм болса, ал гносеологияда христиандық аян идеясы орын тапты. Ортағасырлық батысеуропалық философиясы басты екі негізгі идеяға сүйенді: барлық заттың бастамасы шындық пен туындылық. Ортағасырлық батыс еуропалық философиясында үстемдік етуші дүниетаным христиандық болды.



Апологетика (гр. *Apologetikos* – қорғаушы) – теологиялық сала. Әлдебір нәрседен әділетсіздіктен қорғау, сол нәрсені мадақтау ұғымына сәйкес. Апологетиканың мақсаты – ақыл-парасатқа жүгінген дәлелдердің көмегімен дін ілімін қорғап, сақтау. Апологетиканың құрамына мыналар енеді: құдай болмысының дәлелдемелері, жанның мәнгілігі, құдайдың сыр беруінің белгілері туралы (оның ішінде ғажайыптар мен сәуегейліктер туралы) ілім, дінге және оның жекелеген догматтарына қарсы бағытталған наразылықтарға, сондай-ақ басқа діндерге талдау.



- **Патристика** – (лат. Pater-әке) –2-8 ғасырлардағы христиан дін ілімі. Пұтқа табынушылыққа қарсы христиан дінінің догматтарын қорғайтын, діни нанымның ежелгі философиямен үйлеспейді дейтін "шіркеу әкелерін" мадақтау, қостау. Өкілдері – Тертуллиан, Климент Александрский, Ориген, Августин.





- Схоластика (латынша мектеп) - ортағасырлық теологиялық ілім, философияның теологияға қызмет ететін тұсы.
- Схоластиканың үш кезеңі болды:
- Балауса схоластика (IX-XIIғғ.)
- Кемеліне жеткен схоластика (XIIIғ.)
- Құлдырау кезеңі (XIV-XVғғ.).
- Схоластикалық философияның негізгі мәселесі:
- Құдайдың бар екенін рационалды (ақылмен) дәлелдеу;
- Жалпылықтың жекелікке қатынасы немесе «универсали», яғни жалпылық ұғым мәселе



Схоластик а бағыттар ы




Номиналаизм (лат. *nomo*- ат, атау) бойынша алдымен қандай да бір зат пайда болса, оған ат беріледі. Олар құдайдың бар екендігін былай дәлелдейді: Әке - құдай, ұл - құдайы, рух - құдай. Номинализм өкілдері - П.Абеляр, Росцелин, Дунс Скот, Жан Буридан, Роджер Бэкон

Реализм бағыты бойынша алдымен заттың өзі емес, оның жалпы атауы «универсалийлер» пайда болады, яғни сөз, соған сәйкес зат болады. Құдайдың бар екендігін былай дәлелдейді: Құдай туралы сөз бар, яғни құдайдың заты да, өзі де бар. Реализм өкілдері: А.Кентерберийский, Шампо



Құлиеленушілік қоғам күйреп, оның орнына Батыс Еуропа елдерінің қай-қайсысында да феодалдық қоғамдық қатынастар қалыптасып, христиан дінінің кең етек алып, таралуына байланысты «шіркеу әкейлері» мен «пұтқа табынушы-лар» философиясының арасындағы мәмлеге келмес күрестің өрбу деңгейіне байланысты Батыс Еуропа да түрлі философиялық көзқарастар пайда болды және көптеген әулие әкейлер пайда болды, олар көбіне дінді насихаттап жүретін.

Августин.





Аврелий Августин Әулие (354-430) - христиандық теолог, «шіркеу аталарының» (католиктерде) бірі, христиандық дүниетаным жүйесін жасаған әулие. Христиандық әлемде дін және философия мәселелері бойынша шексіз беделі болған және «Ұстаз» деген атаққа ие болған. Антиктік мәдени мұра мен оған христиандықтың қатысы туралы пікірталаста сенім мен ақылдың үйлесімдігі туралы ілімді тұжырымдап, «Қасиетті Жазу» мен «Қасиетті Өсиеттің» күмәнсіз беделдігін мойындай отыра, адамның діни өміріндегі ғылым мен философияның рөлін кемітпеді. Августин жүйесіне рухани бастауларды әсірелеу тән. Адам үшін, дейді ол, Құдай мен дүние арасында таңдау бірден- бір абыройлы құндылық болып табылады.

Фома Аквинский (1225-1274) - италияндық діни ойшыл. Католиктік шіркеудің ең ірі ойшылы. Ф. Аквинский- теоретикалық теологияның негізін салушы. Негізгі еңбектері: «Теология жиынтығы», «Философия жиынтығы». Ф. Аквинский томизм бағытының негізін қалаушы. Томизм – Ф.Аквинский іліміне негізделген католиктік философияның бағыты.

Ф.Аквинский Құдайдың барына 5 дәлелді келтіреді





● Назарларыңызға
рахмет

